22709589652

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 3 маусым №4712-25-00-2/1256іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы А.Джуматовтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Рахимберлина» жеке кәсіпкер ретінде әрекет етуші Рахимберлина Галия Беркимбаевнаға

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі М.Қазақ
жауапкер өкілі М.Аджаров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылы 21 қарашада тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030240000329/241532/00 келісім шарты (әрі қарай-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер 30 дана «ЖК диагональ 31" артық, бірақ 40" артық емес монитор» (әрі қарай –тауар) Шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде ішінде жеткізуге міндеттенген.

Шарттың жалпы құны 6 424 017.60 теңге құрайды.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын, яғни тиісті тауар жеткізілмегенін көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады. Сонымен қатар, жауапкермен жеткізілген тауар техникалық ерекшеліктерге сәйкес келмегенін, яғни монитордың ішінде DiasplayPort Out,USB Type-C интерфейстері, RJ-45қосқышы болмаған, сонымен қатар USB Type-C to Type-A кабельдін орнына USB MicroUSB to Type-A кабелі болғанын, сондықтан сәйкес келмейтін тауарды ауыстыруға уақыт бергенін, алайда жауапкер тауарды ауыстырмағанын көрсетті.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қоюды мойындамай, жеткізілген мониторға қосымша интерфейсі, қосымша кабельдері барын, яғни техникалық ерекшеліктерге сәйкес келетінін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12-бабының 4–тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны, Шарттың 8.1. тармағына сәйкес шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасының талаптарына сәйкес жауапкер тауарды шартқа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жеткізуге міндеттенген, яғни 21 желтоқсан 2024 жылға дейін міндеттенген.

Шарттың №2 қосымшасы-сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшеліктерінен тауардың атауы - Монитор, өлшем бірлігі - дана, саны 30 деп көрсетілген.

Сонымен қатар, сатып алынатын тауардың қажетті функционалдық,

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 11.06.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Аташева А. О., 16.07.2025
4712-25-3-6/147

техникалық, сапалық, өнімділігі мен басқа да сипаттамаларының сипаттамасына сәйкес Монитор жабық түрі: монитор матрица түрі: байланыс интерфесі : HDMI, DiasplayPort Out,USB Type-C, басқа қосқыштар:4 X USB Type-A, RJ-45, кабельдері DiasplayPort Out,USB Type-C, USB Type-A деп көрсетілген.

Алайда, жауапкер өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамай, техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін тауарды жеткізген. Бұл мән-жай 6 қаңтар 2025 жылғы сәйкессіздік туралы актімен расталады.

Шарттың 4.3. тармағына сәйкес егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде қолданады.

Осыған орай, 8 қаңтар 2025 жылы тапсырыс беруші жауапкерге 15 күнтізбелік күн ішінде тауарды ауыстыруды ұсынған.

Бірақта, жауапкермен техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін тауар ауыстырылмаған.

Бұл мән-жайды сот отырысында жауапкер өкілі жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

АПК-нің 72,73-баптарының талаптарына сәйкес жауапкермен сотқа талап қоюшының талабын теріске шығаратын дәлелдемелер табысталмады.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Істің мұндай тұрғысында, сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 11.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Аташева А. О., 16.07.2025

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Рахимберлина» жеке кәсіпкер ретінде әрекет етуші Рахимберлина Галия Беркимбаевнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Рахимберлина» жеке кәсіпкер ретінде әрекет етуші Рахимберлина Галия Беркимбаевнаға мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемелекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 11.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.07.2025, судья Аташева А. О., 16.07.2025